«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған докторант Сюрикпаева Асель Ораловнаның «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» атты диссертациясына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеу жұмысы қазіргі Қазақстандағы тұтынушылар құқығын қорғау саласының құқықтық тетігін кешенді талдауға арналған. Автор ұлттық құқық жүйесінің эволюциясын, институционалдық архитектурасын және цифрлық экономика жағдайындағы жаңа тәуекелдерді жүйелі түрде қарастырады. Диссертация құрылымы кіріспеден, негізгі талдау бөлімдерінен, қорытындыдан және пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады; мазмұндық желі тарихилық пен салыстырмалы-құқықтық әдісті ұштастырып, нормашығарушылық ұсыныстарға ұласады.

Жұмыстың өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, қолданыстағы жүйеде тұтынушылардың құқығын қорғау саласында теориялық негізде ұсыныстар беріліп, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және сотқа дейінгі реттеу механизмдерін толыққанды біріктіру жеткіліксіз екені дәлелденеді; мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-лардың құзыреттері фрагменттік сипатта бағамдалады. Екіншіден, электрондық сауда мен онлайн-платформалар қарқынды дамып, цифрлық форматқа бейімделген құқықтық базаны жаңартуды талап етеді.

Жалпы диссертация зертеу тақырыбына сәйкес құрылымы, мазмұны, зерттеу мен салыстыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен жүйелі сабақтастықпен сипатталған.

Докторант диссертацияда жұмыстың мақсаты мен міндеттерін дұрыс көрсете отырып, жұмысты жазу барысында барлық көзделген мақсаттар мен міндеттерді орнықты түрде орындай біліп, жұмыс бойынша әр тарауда негізделген қорытындылар жасай білген. Жұмыс бойынша қорғауға ұсынылған барлық ережелер ғылыми негізделген және тәжірибелік тұрғыдан өте маңызды сипатқа ие.

Автор ғылыми жаңалығын нормативтік және доктриналық деңгейдегі бірқатар нақты ұсыныстарын цифрлық қатынастарға тән «цифрлық контент» пен «цифрлық қызмет» ұғымдарына сүйене отырып, тұтынушылық міндеттемелердің мазмұнын қайта тұжырымдау ұсынылады; бұл тәсіл Еуропалық Одақтың 2019/770 директивасымен үйлесімді екенін дәлелдеп көрсете алған.

Сондай-ақ Қазақстан құқық жүйесінде міндеттемелердің цифрлық және материалдық орындалуына тең құқықтық қорғау қағидатын тікелей бекіту, сондай-ақ «цифрлық орындау» ұғымына заңнамалық анықтама беру қажеттігі туралы теориялық тұжырым жасаған және де тұтынушылардың құқықтарын

қорғау саласындағы дауларды сотқа дейінгі реттеу тетіктерін одан әрі жетілдіруду үшін, тұтынушылардың құқықтарын қорғауда сотқа дейінгі тәртіпті екі тарап үшін де міндетті түрде қолдануды айқын бекітудің қажеттілігін айқындаған.

Диссертацияда манипулятивті интерфейстік тәсілдер («dark patterns») мен жалған пікірлердің тұтынушы таңдауы мен нарықтың әділ бәсекесіне тигізетін теріс әсері дәлелденіп, «Жарнама туралы» заңнамаға мақсатты түзетулер топтамасы ұсынылады. Нақтырақ, онлайн-маркетплейстер мен жарнама берушілерге жалған пікірлерді анықтау және сүзгіден өткізу жөніндегі міндеттерді бекіту, сондай-ақ жалған пікірлерді арнайы таңбалау немесе жою талаптары енгізіледі. Бұған қоса, пайдаланушы еркін таңдауына жасырын ықпал ететін интерфейстік тәсілдерді құқыққа қайшы деп тікелей тану ұсынылады.

Жұмыс дереккөздерінің базасы кең: Конституциялық және салалық заңдар, екінші деңгейлі нормативтік актілер, халықаралық құжаттар, сот практикасынан үзінділер мен заманауи ғылыми әдебиеттер қамтылған. Автор эмпирикалық және салыстырмалы талдауды ұштастырып, талдауларын нормабелгілейтін нақты ұсыныстармен түйіндейді. Ұсыныстардың жүйелілігі мен орындылығы, атап айтқанда, тұтынушылардың ақпараттық қауіпсіздігін арттыру, цифрлық тауарлар мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету және электрондық коммерция кеңістігіндегі әділ бәсекені ынталандыру мақсаттарымен үйлеседі.

Нәтижелер мен қорытындылардың жариаланымда расталуы.

Диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары негізгі қағидалары мен нәтижелері ҚР ҒжЖБ саласындағы комитет ұсынған басылымдарда және Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда жариаланған. Негізгі тұжырымдамалар сонымен қатар, ғылыми тәжірибелік конференцияларда, республикалық ғылыми конференция мен дөңгелек үстелдерде баяндалған.

Қорыта келгенде, диссертация ғылыми талаптарға сай орындалған. Жұмыста ұсынылған нормативтік түзетулер мен тұжырымдар, платформалық экономиканы құқықтық реттеудің заманауи құралдары, ұлттық заңнаманы жетілдіруге нақты үлес қосады. Осы негіздерге сүйене отырып, Сюрикпаева Асель Ораловнаның «Тұтынушыларды қорғаудың құқықтық тетігінің мәселелері мен даму перспективалары» атты жұмысы 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін диссертация ретінде қорғауға ұсынылуға әбден лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
Қонаев Университетінің ректоры,
заң ғылымдарының докторы, доцент Өмірәлі Ж.Ө.

З.Ғ.Ғ., профес. м.о. Диссертацияның қорғау кезіндегі хатшысы
ҒЗҚ бас. Ғазиев Сағындайұлы